




Қазақ тілі. 1-сынып.	Мектеп: №16 ЖОББМ, Орал қаласы		
Сабақ тақырыбы: Кел, қайталайық!	Мұғалімнің аты- жөні: Алипкалиева Г.Н.		
	Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>1.1.2.1. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну.</p> <p>1.2.3.1. Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру.</p> <p>1.4.4.1. Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып жазу; санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жазу.</p> <p>1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу.</p> <p>1.5.1.5. Мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру.</p>		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушы орындай алады: 6-бөлімде өткен тақырыптарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсете алады. Мұғалімнің сұрақтарына жауап бере алады, басқа оқушыларға сұрақ қоя алады.		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 6-бөлімде өткен тақырыптар бойынша өзара тілдесе алады. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс сақтап қолдана алады.		
	Кейбір оқушылар орындай алады: 6-бөлім бойынша өткен материалдарды өмірлік жағдаяттарда еркін қолдана алады.		
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Бір-бірімен өткен тақырыптар бойынша сөйлесе алады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып, жаза алады.		
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Қазақ тіліне тән дыбыс, сөйлесу, жаз, оқы, тыңда, айт		
Жоспар		Ресурстар	
Жоспарланған уақыт Сабақтың басы (2-5 мин)	<p>Жоспарланған жаттығу түрлері Ұйымдастыру бөлімі. Шаттық шеңбері.</p> <p>Күлімдеп күн бүгін Қарады маған да! Күлімдеп күн бүгін қарады саған да! Сәлем деймін достарға! Сәлем барша ұстазға! Тату болып халықтар! Аман болсын балалар! <i>Күн, гүл, құс суреттерін таңдап, үш топқа бөлінеді.</i></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div>		Суреттер
Сабақтың ортасы	<p>-Балалар, неліктен мен сендерге құс, гүл, күн суреттерін бердім? - Қазір көктем мезгілі. - Көктемде нелер шығады?</p>		Оқулық, Аудиодиск 6.8.1.; 6.8.2;

<p>(6-40 мин)</p>	<p>- Гүлдер. - Нелер ұшып келеді? - Құстар. - Көктемде қандай мерекелер болады? - Аналар мерекесі және Наурыз мейрамы. Көктем – весна - spring</p> <p>Видео «Наурыз мейрамы»</p> <p>3 топ пазл құрастырады. <i>Астана</i> Біздің еліміздің астанасы қай қала? Астана қандай қала? <i>Домбыра</i> Бұл не? Домбырамен не орындалады? <i>Гүл</i> Бұл қандай гүл? Бұл гүл қай кезде шығады?</p> <p>Фонетикалық ойын. «Әріптер». Тақтаға суреттер ілінеді. Оқушылар сөздердің бірінші әрібін тауып, іледі. Қасқыр Қоян Ағаш Өрік Әже Әке Жұмыртқа Ұшақ Қ Ғ І Ө Ә Ұ</p> <p><i>Бағалау. Дұрыс тапқан оқушылар домбыра алады.</i> Фонетикалық жаттығу. <i>Қо-қо-қоян</i> <i>Ға-ға-аға</i> <i>Ні-ні-іні</i> <i>Дә-дә-дәптер</i> <i>Ұш-ұш-ұшақ</i></p> <p>Сергіту сәті. «Тыңда. Көрсет» Аю, қасқыр, кірпі, керік, қоян, бақа. 1-ден 10-ға дейін, керісінше 10-нан 1-ге дейін санау.</p> <p>Жазылым. Дәптерлеріндегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p style="text-align: center;">Қ А З А Қ С Т А Н</p> <p>Қыз Ана Зат Алма Қарындаш Сағыз Тақта Аю Нан</p> <p>Әр топқа қима қағаздар беріледі. Олар білетін сөздерін жазады. <i>Бағалау. Дұрыс жазған оқушылар «Ұлттық киімдердің» суретін алады.</i></p>	<p>6.8.3. 6.8.4.</p> <p>Үш тілде жазылған қағаз</p> <p>суреттер</p> <p>Қима қағаздар</p> <p>№2 дәптері</p>
--------------------------	--	--

Ұлттық
киімдердің
суреттері



- Ұлттық киімдерді кімдер киеді?
- Аналар, әжелер, аталар, балалар.
- Ұлттық киімдер әдемі ме?
- Иә, әдемі.
- Әдемі етіп тұрған не деп ойлайсыңдар?
- Ою.

Сәйкестендір.

Сыыр



Ағаш



Дүкенші



Тауық



Тышқан



Бағалау. Дұрыс орындаған оқушылар ою алады.

-Бұл қай ертегі кейіпкерлері?

<p>Сабақтың соңы (41-45 мин)</p>	<p>- Сендер басқа қандай ертегілер білесіңдер? «Мақта қыз бен мысық» ертегісінен үзінді. <i>Мысық: Сиыр, сиыр маған сүт берші.</i> <i>Сиыр: Сен маған жапырақ бер.</i> <i>Мысық: Ағаш, ағаш, маған жапырақ берші.</i> <i>Ағаш: Маған су бер.</i> <i>Мысық: Қыздар, қыздар маған су беріңдерші.</i> <i>Қыздар: Бізге сағыз әкел.</i> <i>Мысық: Дүкенші, дүкенші, маған сағыз берші.</i> <i>Дүкенші: Маған жұмыртқа әкел.</i> <i>Мысық: Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші.</i> <i>Тауық: Маған дән бер.</i> <i>Мысық: Тышқан, маған дән бер!</i> <i>Тышқан: Міне, ал.</i></p> <p><i>-Өте жақсы, балалар! Жарайсыңдар!</i></p> <p>-Балалар, мен сендерге неліктен домбыра, ою, ұлттық киімдердің суреттерін бердім? Қандай мереке келе жатыр? - Иә, балалар, оюланған ұлттық киімдер киіп, домбырамен күй шертіліп, ән айтылатын «Наурыз мейрамы» басталды! Бауырсақ,кәмпіттер таратылады.</p> <p>Кері байланыс. Алма тәрізді стикерлерді кірпі суретіне жапсырады.</p>	
---	---	--

